

Ағылшын тілі сабағында оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту

Ақтөбе қаласы Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп-лицейінің ағылшын тілі пәні мұғалімі Г.М.Досмаганбетованың жетекшілігімен 2025–2026 оқу жылында «Ағылшын тілі сабағында оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту» тақырыбындағы облыстық шығармашылық шеберхана жүйелі түрде жұмыстар жүргізді.

Шеберхананың негізгі мақсаты – ағылшын тілі сабақтарында оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамытуға бағытталған тиімді әдіс-тәсілдерді үйрету, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру және тәжірибе алмасу алаңын қалыптастыру болды.

Жыл бойы өткізілген іс-шаралар барысында коммуникативтік оқыту технологиясының теориялық және практикалық негіздері қарастырылып, оқушылардың сөйлеу, тыңдау, диалогтік қарым-қатынас жасау және топпен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға бағытталған заманауи педагогикалық тәсілдер ұсынылды. Сонымен қатар цифрлық ресурстар мен жасанды интеллект технологияларын білім беру үдерісіне тиімді кіріктіру жолдары таныстырылып, олардың оқушылардың тілдік белсенділігін арттырудағы мүмкіндіктері талқыланды.

Шеберхана жұмысының маңызды бағыттарының бірі – жұптық және топтық жұмыстарды тиімді ұйымдастыру болды. Қатысушылар ынтымақтастыққа негізделген оқыту ортасын қалыптастыру, командалық жұмысты дамыту, оқушылар арасындағы өзара әрекеттестікті күшейту мәселелері бойынша тәжірибе алмасты. Мұндай жұмыстардың нәтижесінде оқушылардың өз ойын еркін жеткізуі, пікір алмасуы, бірлесіп шешім қабылдауы және коммуникативтік мәдениетінің қалыптасуы үшін қолайлы орта құрудың тиімді жолдары қарастырылды.

Іс-шаралар барысында айтылым және тыңдалым дағдыларын дамытуға арналған әдістерге ерекше назар аударылды. Түрлі ойын технологиялары, интерактивті тапсырмалар, коммуникативтік жаттығулар, рөлдік ойындар және рефлексия тәсілдері арқылы оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттыру жолдары көрсетілді. Сонымен қатар сөйлеу дағдыларын бағалаудың заманауи әдістері талқыланып, білім алушылардың тілдік құзыреттілігін объективті бағалауға мүмкіндік беретін тиімді тәжірибелер ұсынылды.

Шеберхана барысында қолданылған әдіс-тәсілдердің қатарында Communicative Language Teaching (CLT), жұптық және топтық оқыту, ынтымақтастықта оқыту технологиясы, ойын технологиялары, Icebreaker тренингтері, рефлексия әдістері, цифрлық платформалар мен жасанды интеллект құралдары болды. Аталған технологиялардың басты артықшылығы – оқушылардың сабаққа белсенді қатысуын қамтамасыз етуі, тілдік кедергілерді азайтуы, өз ойын еркін жеткізу дағдыларын дамытуы және шынайы қарым-қатынас ортасын қалыптастыруы. Сонымен қатар бұл әдістер білім алушылардың сыни ойлау, шығармашылық және ынтымақтастық дағдыларының дамуына оң әсерін тигізеді.

Шеберхана аясындағы кәсіби диалог пен тәжірибе алмасу мұғалімдердің әдістемелік қоржынын толықтырып, заманауи педагогикалық тәсілдерді тәжірибеге енгізуге ықпал етті. Қатысушылар өзара пікір алмасу арқылы жаңа идеялармен танысып, тиімді тәжірибелерді таратуға мүмкіндік алды. Бұл өз кезегінде педагогтердің кәсіби дамуына және білім беру сапасын арттыруға оң әсерін тигізді.

Қорытындылай келе, облыстық шығармашылық шеберхананың жұмысы алға қойылған мақсат-міндеттерге толық сәйкес жүзеге асырылды. Жыл бойы өткізілген іс-шаралар мұғалімдердің кәсіби ынтымақтастығын нығайтып, оқушылардың

коммуникативтік дағдыларын дамытуға бағытталған заманауи әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану тәжірибесін кеңейтті. Шеберхана нәтижесінде қатысушылардың коммуникативтік оқыту технологияларын қолдану құзыреттілігі артып, тәжірибе алмасудың тұрақты кәсіби алаңы қалыптасты.

Н.Б.Тайпақова, жалпы орта білім беру бөлімінің әдіскері

Развитие коммуникативных навыков учащихся на уроках английского языка

Под руководством учителя английского языка средней школы-лицея имени Каныша Сатпаева, города Актобе Г.М. Досмаганбетовой систематически осуществлялось деятельность областной творческой мастерской в 2025–2026 учебном году, на тему «Развитие коммуникативных навыков учащихся на уроках английского языка»

Основной целью мастерской являлось обучение эффективным методам и приемам развития коммуникативной компетентности учащихся на уроках английского языка, повышение профессиональной компетентности педагогов и создание площадки для обмена опытом.

В ходе мероприятий, проведенных в течение учебного года, были рассмотрены теоретические и практические основы коммуникативной технологии обучения, представлены современные педагогические подходы, направленные на развитие навыков говорения, аудирования, диалогического общения и работы в группе. Кроме того, были продемонстрированы способы эффективной интеграции цифровых ресурсов и технологий искусственного интеллекта в образовательном процессе, а также обсуждены их возможности в повышении языковой активности учащихся.

Одним из важных направлений работы мастерской стала организация эффективной парной и групповой работы. Участники обменялись опытом по вопросам создания образовательной среды, основанной на сотрудничестве, развития командной работы и усиления взаимодействия между учащимися. В результате были рассмотрены эффективные способы создания благоприятной среды для свободного выражения мыслей, обмена мнениями, совместного принятия решений и формирования коммуникативной культуры обучающихся.

Особое внимание в ходе мероприятий было уделено методам развития навыков говорения и аудирования. Были продемонстрированы способы повышения интереса учащихся к обучению посредством игровых технологий, интерактивных заданий, коммуникативных упражнений, ролевых игр и рефлексивных методов. Также обсуждались современные подходы к оцениванию речевых навыков и представлены эффективные практики, позволяющие объективно оценивать уровень языковой компетентности обучающихся.

Среди методов и технологий, применявшихся в рамках мастерской, были Communicative Language Teaching (CLT), парное и групповое обучение, технологии обучения в сотрудничестве, игровые технологии, тренинги Icebreaker, рефлексивные методы, цифровые платформы и инструменты искусственного интеллекта. Основными преимуществами данных технологий являются обеспечение активного участия учащихся в учебном процессе, снижение языковых барьеров, развитие навыков свободного выражения своих мыслей и создание условий для реального общения. Кроме того, данные методы

способствуют развитию критического мышления, творческих способностей и навыков сотрудничества у обучающихся.

Профессиональный диалог и обмен опытом в рамках мастерской способствовали пополнению методического арсенала педагогов и внедрению современных педагогических подходов в практику. Благодаря взаимному обмену мнениями участники познакомились с новыми идеями и получили возможность распространения эффективного педагогического опыта. Это, в свою очередь, оказало положительное влияние на профессиональное развитие педагогов и повышение качества образования.

Подводя итоги, следует отметить, что работа областной творческой мастерской была полностью реализована в соответствии с поставленными целями и задачами. Проведённые в течение года мероприятия способствовали укреплению профессионального сотрудничества педагогов и расширению практики применения современных методов и технологий, направленных на развитие коммуникативных навыков учащихся. В результате работы мастерской повысилась компетентность участников в области применения коммуникативных технологий обучения и была сформирована устойчивая профессиональная площадка для обмена опытом.

Н.Б. Тайпакова, методист отдела общего среднего образования



